ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 31 қазан 7119-25-00-2/10473 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Кусманова,
сот отырысының хатшысы К.Ж. Габдулжаппар қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Мың Шүкүрлер» Айгуль Каримовна Есенжолова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ж.Н.Омарбек
жауапкер А.К.Есенжолова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылдың 4 шілдеде тараптар арасында №118-2025/ООФ тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды, оның талаптары бойынша жауапкер 123 комплект, 2 039 340 теңге сомасындағы Сүзетін газтұтқыш жеткізу міндеттемесін алған.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес тауарларды жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде.

Өтінім 2025 жылдың 14 шілдесінде берілді, сондықтан жеткізу мерзімі 2025 жылдың 29 шілдесінде.

100 сүзетін газтұтқыш жиынтықтар 2025 жылдың 26 тамызында жеткізілді. Бұл жағдай осы күннен бастап тауар(лар)ды қабылдап алу-беру актісімен расталады № 250120/00/2. Сол күні сүзетін газтұтқыш 23 жиынтығы жеткізілмеген.

2025 жылдың 26 тамызда толық тауар жеткізілмегендіктен Шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Талап қоюшы өз талабында Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Жауапкер қарсы пікірде келесіні көрсетті, қалған 23 жиынтық 2 күнге кешіктіріліп жеткізілді, тауар 2 көлікке салынды, 23 жиынтық салынған көлік жолда бұзылып қалды, бұл туралы тапсырыс берушіге портал арқылы хабарланды, бірақ тапсырыс беруші тауарды қабылдамады. Қазір ол тауарды толық көлемде жеткізуге дайын, кешіктірілген күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге де дайын.

Сот отырысында талапкердің өкілі талапты қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдеде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарт жауапкермен толық орындалмаған, Тапсырыс беруші оны жасау кезінде күткенін алмаған, бұл оны бұзуға негіз болған. Осыған байланысты талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға тиіс. Талап қоюшымен сотқа талап берудің 30 күндік мерзімін орындалған.

Сонымен бірге тапсырыс берушімен қабылданған тауар бөлігі де Шартта көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп жеткізілген. Сондықтан тапсырыс берушіде шартты бұзу құқы бар.

Талап арыз 2025 жылдың 25 тамызында сотка берілді. Демек, талап қоюшы осы талап арызбен сотқа жүгінуінің 30 күндік мерзімі орындалды.

Осылайша, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Талап қоюшы талапты сотқа беру кезінде мемлекеттік баж салығы төлеуден босатылған, алайда талап қоюшы бұл соманы төлеген. Сондықтан талап қоюшымен төленген 1966 теңге мемлекеттік баж салығы сомасы оған қайтарылыуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Документ подписан: Кусманова А. К., 07.11.2025

Дата вступления в законную силу: 20.01.2026, судья Кусманова А. К., 30.01.2026

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Мың Шүкүрлер» Айгуль Каримовна Есенжолова жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Мың Шүкүрлер» Айгуль Каримовна Есенжолова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Мың Шүкүрлер» Айгуль Каримовна Есенжолова жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Бюджеттен Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды қайтарылсын.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Документ подписан: Кусманова А. К., 07.11.2025

Дата вступления в законную силу: 20.01.2026, судья Кусманова А. К., 30.01.2026

7119-25-3-1/10405